

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ



8D01721 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы
бойынша түлектер
МОДЕЛІ

Қызылорда, 2023 ж.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

- 1 БББ сипаттамасы
- 2 Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері
 - 2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары
 - 2.2 Білім беру бағдарламасының міндеттері
 - 2.3 Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері
 - 2.4 Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзіреттіліктер мен салыстыру матрицасы
 - 2.5 Маманның жеке қасиеттері

Қорытындылар

КІРІСПЕ

Бітіруші түлектің құзыреттілік моделін әзірлеу Болон процесінің негізгі бағыттарын жүзеге асырудың құзыреттілік моделі белгілі дәрежедегі (лауазымды), белгілі бір бейіндегі маман қандай кәсіби міндеттерді шеше алуы керек деген сұраққа жауап беруге арналған. Стейкхолдерлер және барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне жауап беретін ЖОО бітірушінің заманауи үлгісін қалыптастыру Қорқыт Ата атындағы ҚУ-дың басты стратегиялық мақсаты болып табылады және оқу үдерісіне қажетті кадрлық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етіледі. Университетте еңбек нарығында сұранысқа ие бакалавриат түлектерін сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін мақсатты кадрлық саясат және жүйелі түрде университеттің материалдық-техникалық базасын жақсарту жүргізіледі.

1. БББ сипаттамасы

8D017-қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша мамандар дайындаудың қажеттілігі мен өзектілігі қоғамды ізгілендіру мен тәрбиелеуде бүгінгі күн үшін аса маңызды болып отыр. Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша кәсіби және ғылыми дайындығы бар, тіл білімі мен әдебиеттанудағы жаңа ғылыми ақпараттарды жинау, өңдеу және сақтау әдістерін, жаңартылған білім беру мазмұнына сай тіл мен әдебиетті оқытудың жаңа технологияларын меңгерген, білім беру саласындағы мемлекеттің стратегиялық саясатын іске асыруға қабілетті, сұранысқа ие мамандарды даярлау.

2. Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері

Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, объектілері, кәсіптік қызмет түрлері мен бағыттары, маманның құзыреттілік моделі (1-қосымша) туралы ақпаратты, оның ішінде дескрипторлар, білім беру бағдарламасына сәйкес құзыреттердің түрі және білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтиды.

2.1. Білім беру бағдарламасының мақсаттары: Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне өтуін қамтамасыз ететін, үздіксіз және сабақтастықта білім берудің деңгейлік ұлттық моделін жасайтын, қазақ тілі мен әдебиетін ғылыми-зерттеушілік тұрғыда дамытуға бағытталған, бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын даярлау.

2.2. Білім беру бағдарламасының міндеттері:

басқару-ұйымдастыру (білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейдегі басшылық қызметі);

-білім беру (жоғары оқу орындары мен басқа да білім беру ұйымдарында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары дәрежелі академиялық дәрежесі бар оқытушысы).

Философия докторы (PhD):

-ғылыми-зерттеу (ғылыми-зерттеу институттары мен басқа да білім беру ұйымдарында ғылыми қызметкер);

- білім беру (жоғары оқу орындары мен басқа да білім беру ұйымдарында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары дәрежелі академиялық дәрежесі бар оқытушысы).

2.3. Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері

ЖҚ1 Мәтінді талдау әдістемесін меңгеріп, онымен жұмыс істеуді үйренеді. Аннотацияның, рефераттың жанрлық-стистикалық сипаттамаларын меңгереді, аналитикалық шолу, ғылыми хабарламаларды талдай алады, ғылыми, ғылыми-техникалық, ғылыми-танымдық мәтіндерді талдайды, салалалық мәтіннің стликалық және жанрлық қатыстылығын анықтайды. Мәтіндердің мазмұнын аннотация, реферат, шолу түрінде қорытып, дәлелдейді.

ЖҚ2 «Ғылыми-зерттеу әдістері және әдіснама» пәнінің мақсаты – білім алушылардың кәсіптік біліктілігін арттыру, оларды лингвистикадағы және әдебиеттанудағы әдіс-тәсілдермен, тіл туралы қазіргі ғылым әдістемелігімен, оның қалыптасуы мен дамуы сияқты мәселелермен танысады.

КҚ1 Қарапайым сөйлемнің теориялық мәселелеріне шолу, көзқарастарды салыстыру, бір негізді сөйлемдердің белгілерін, түрлерін анықтау, күрделі сөйлемдерді, өлендерді, мәтіндерді, олардың ерекшеліктері мен қатынастарын анықтау.

КҚ2 Сынның элеуметтік, эстетикалық міндеттерін, қазақ әдеби сынының жанрлық қалыптасуын, қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуы мен қазіргі әдеби сынның дамуы жөнінде мағлұмат береді.

КҚ3 Тіл тарихының қай мәселесі де, оның ішінде фонетикалық жүйе мен грамматикалық құрылым тарихы бүгінгі тіліміздің өз құрылымындағы тіл дамуының жаңа фазасының көрінісі мен ескі дәуір іздерін айқын ажыратып тану. Әдеби тілі қолдана отырып ауызекі тіл, жаба тіл, кітаби тілдермен салыстырып зерттеу жүргізу. қазақ тілінің тарихы табиғатынан хабардар етіп, сөздердің грамматикалық кластарға жіктелу тарихын, жеке грамматикалық категориялардың қалыптасу эволюциясын, дыбыстар жүйесінде болған тарихи өзгерістерді, олардың тілдік лексикалық қорын игеру түсінігі, тіл білімінің қалыптасып, дамуын меңгеру

Отандық және шетелдік ғылым жетістіктерін диссертациялық жұмысына байланысты пайдалануды біледі, үйренеді.

КҚ4 Ғылыми жұмысының тақырыбына байланысты зерттеу жүргізуді біледі, оның әдіснамалық негіздерін үйренеді.

КҚ5 Теориялық білімін практикамен ұштастыра отырып, мамандану негіздерін үйренеді.

КҚ6 Ғылыми жұмысының тақырыбына байланысты зерттеу жүргізуді біледі, оның әдіснамалық негіздерін үйренеді.

КҚ7 Отандық және шетелдік ғылым жетістіктерін диссертациялық жұмысына байланысты пайдалануды біледі, үйренеді.

КҚ8 Тіл білімінің және әдебиеттанудың өзекті мәселелері мен оқыту технологияларынан алған білімін қорытады.

2.4. Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзіреттіліктер мен салыстыру матрицасы

Құзіреттілік	ON1	ON 2	ON 3	ON 4	ON 5	ON 6
ЖҚ1	+				+	
ЖҚ 2				+	+	
КҚ1		+				
КҚ 2			+			+
КҚ 3		+				+
КҚ 4				+		
КҚ 5				+		
КҚ 6				+		
КҚ 7				+		
КҚ 8						+

2.5. 8D01721 – Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау БББ бойынша маманның жеке қасиеттері.

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіруші доктор әр түрлі типтегі білім беру мекемелерінде, сонымен қатар жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу орталықтарында ғылыми-әдістемелік бөлімдерінде және бағыт бойынша басқа да салаларда білікті маман ретінде қызмет етуіне болады.

Қорытынды

8D01721-қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі беріледі